**Автор**: АДИЛГЕРЕЕВА ЛАЗЗАТ АРГЫНГАЗИЕВНА
**Пән**: Математика
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану
**Тақырып**: Ондық бөлшектерді салыстыру

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.1.2.26Ондық бөлшектерді салыстыру |
| Сабақтың мақсаты: | - ондық бөлшектерді разрядтары бойынша салыстыра білу; -берілген ондық бөлшекті оған тең бөлшекке түрлендіре білу; |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар: - жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдыру ережесін негіздеп қолдана алады; - ондық бөлшектерді салыстыруды түсіндіре алады; Пәнге тән лексика мен терминология: - разрядтары бойынша сандарды жіктеу; - сандарды разрядтары бойынша салыстыру; - жоғары (үлкен) разряд; - төменгі (кіші) разряд; - разрядтық бірліктер; - ондық таңбалар. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: егер ондық бөлшектің соңына бір немесе бірнеше нөлдер тіркеп жазылса ( алып тасталса), онда ...бөлшек шығады; - ондық бөлшектерді салыстыру үшін алдымен бүтін бөліктері салыстырылады, егер бүтін бөліктері тең болса, онда |
| Күтілетін нәтиже: | Ондық бөлшектерді салыстырады |
| Бағалау критерийлері: | -Ондық бөлшектерді разрядтары бойынша салыстыра алады; -Ондық бөлшекке тең бөлшекті таба алады; |
| Құндылықтарды дарыту: | Абай-175 жыл толуына орай ақынның өлеңдерін орындау сабақ барысында құндылықтарды дарыту жұптық және топтық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Бір-бірінің ойларын бағалау, жауапкершілікті сезіну, өзара сыйластық |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Сабақтың әр кезеңінде қорытындылауды тиімді жүзеге асыру үшін презентациямен жұмыс |
| Пәнаралық байланыс: | әдебиет, музыка |
| Бастапқы білім: | Ондық бөлшектерге амалдар қолдану |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5-6 минут) | Оқушылармен амандасу, түгелдеу. «Көңіл-күй» тренингі көңіл-күйлеріне байланысты смайлик таңдайды. Бағалау парағы таратылады әр оқушыға. Сөзжұмбақ шешу «АБАЙ» 1. Бүтін менен бөлшекті, Үтірменен айырған. Әп-әдемі жазылар, Айтыңдаршы, қандай сан? Ондық бөлшек 2.Екі бүтін бестен бір қандай сан? АРАЛАС 3.Осы аралас санды ондық бөлшекке айналдыруға бола ма? 2, 2 4. Ондық бөлшек қандай бөліктен тұрады? Бүтін және бөлшек бөліктен тұрады Абай туралы не білеміз? Топқа бөлу « Пазл» құрастыру «Қыс», «Жаз», «Күз» суреттері шығады. Осы өлеңдердің бір шумағын айтып бере аласыңдар ма? Математикалық диктант 0,21, 2,148, 4,07, 6,5, 3,009, 13,0425, 24, 015 «Көршіңді тексер»әдісі оқушылар бір-бірін тексереді | смайлик бағалау парағы пазл «Қыс», «Жаз», «Күз» суреттері |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| Сабақтың ортасы (7-35 мин) | «Миға шабуыл» Барлық оқушыға сұрақ қойылады. 1. Ондық бөлшектердің Алдымен қандай бөлігін салыстырамыз? Егер бүтін бөліктері тең болса, қалай салыстырамыз? . Егер берілген ондық бөлшектің оң жағына (соңына) нөлдерді тіркеп жазсақ , қандай бөлшек шығады? Тең бөлшек Кері байланыс «Мадақтау арқылы» Үш топқа бірдей тапсырма беріледі. Қай топ тез орындайды? «= Топтар бірін-бірі бағалайды. «Бағдаршам» арқылы Критериі: -жай бөлшектерді ондық бөлшекке айналдырады -өсу, кему ретімен жазады -салыстыруды орындайды Оқулықпен жұмыс №774 есеп Сергіту сәті: «Қыс, Жаз, Күз» өлеңін оқиды Жеке жұмыс Оқушының аты-жөні: Сыныбы: 5 Күні: Сурет бойынша салыстыруды орында: Дескриптор: - ондық бөлшекті разряд бойынша салыстырады 2) Жұлдызшаларды теңсіздіктер тура болатындай етіп, цифрлармен ауыстырыңдар: 1) 8,1 * > 6,65; 2) 11,85 < 11, * 2; 3) 32,25 > 32, * 5; Дескриптор: Білім алушы - Жұлдызшалардың орнына сәйкес цифрларды қояды; - бүтін бөліктері бірдей сандарды салыстырады; - бүтін бөліктері әртүрлі сандарды салыстырады Бағалау «өзін-өзі бағалау Жұппен жұмыс. Семантикалық карта № Тапсырма 1,5˂3,5 3 ,25˃1,25 6,25 5,0 7,2 1 11/2 ˂31/2 Т Б С Ш М 2 31/4 ˃1 1/4 Н А О К У 3 61/4 П Е Л Ы Д 4 7 4/(5 ) - 3/5 И Р Н Г А 5 81/2 -31/2 К С И П Н Абай атамыздың бір өлеңінде кездесетін сөздер талап, еңбек, рақым қай өлеңінде кездеседі? «Ғылым таппай мақтанба» | АЗ тапсырмасы КБ Бағдаршам Мадақтау арқылы Семантикалық карта |
| Сабақтың соңы (36-40 мин) | Оқушылар сабақ соңында өз ойтолғаныстарын білдіру арқылы бүгінгі тақырып бойынша «Еркін микрофон» оқушылар өз ойын білдіреді Үйге тапсырма: №775 есеп Бағалау Мадақтау арқылы бағалау парағы бойынша қорытындылау | |
| Рефлексия | «Еркін микрофон» оқушылар өз ойын білдіреді | микрофон |